

Кімге: Бәйтерек ауданының әкімі М.Л.Тоқжановқа

**«Январцев ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-нің бас маманы
Бактығалиев.Ж.С**

Күні: 15.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Ауыл халқын салауатты өмір салтына бейімдеу.

**Кілт сөздер: ауыл, спорт, денсаулық сақтау, дене шынықтыру,
экономика.**


1. Кіріспе

Январцев ауылының тұрғындарының физикалық белсенділігін арттыру және денсаулығын жақсарту мақсатында, дене шынықтыру және сауықтыру орталығының жетіспеушілігі айқын байқалады. Ауыл тұрғындарының спортпен шұғылдану және белсенді өмір салтын ұстану мүмкіндіктері шектеулі.

2. Негізгі бөлім

Январцев ауылының халық саны шамамен 1204 адамды құрайды, оның ішінде мектеп жасындағы балалардың саны 210-нан, 18 бен 60 жас аралығындағы тұрғындар саны 500-ден және зейнет жасындағылар 250-ден асады. Ауылда спорттық инфрақұрылым шектеулі, тек мектеп спорт залы бар. Денсаулық сақтау мекемелері жалпы медициналық қызмет көрсетуге бағытталған, бірақ сауықтыру және спорттық іс-шараларға арналған арнайы орындар жоқ. Сонымен қатар, ауылдық жерде сауықтыру және спорттық инфрақұрылымның болмауы әлеуметтік және денсаулық мәселелерін тудырады. Январцев ауылында дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу арқылы тұрғындардың денсаулығын жақсарту және спортпен айналысуға жағдай жасау.

Жастар мен ересектердің спортпен шұғылдану үшін арнайы орындардың болмауы. Ауыл тұрғындарының арасында белсенді өмір салтын ұстанудың жеткіліксіздігі. Ауылда денсаулық сақтау деңгейінің төмендігі және созылмалы аурулардың артуы. Денсаулықты жақсартуға арналған ресурстардың қолжетімді болмауы.



- **Қаржылық қиыншылықтар:** Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, жобаны қаржыландыру үшін мемлекеттік бағдарламалар мен жеке инвесторлардың көмегін тарту қажет. Сондай-ақ халықаралық гранттар мен қайырымдылық қорлары арқылы қаржыландыру мүмкіндігі бар.
- **Кадрлық ресурстардың жетіспеушілігі:** Спорттық және сауықтыру орталықтарын басқару үшін білікті мамандар қажет. Бұл қиындықты шешу үшін жергілікті жастарды спорт саласында оқыту немесе арнайы тренингтер ұйымдастыруға болады .
- **Инфрақұрылым мәселелері:** Орталықты салу үшін қажетті коммуникациялар мен инфрақұрылымды қамтамасыз ету қажет. Бұл үшін жергілікті әкімдік пен мемлекеттік қолдау бағдарламалары көмектеседі.

Зерттеу әдістері

- Ауыл тұрғындарынан сауалнама және сұхбат алу.
- Ауылдық инфрақұрылымның қазіргі жағдайын талдау.
- Қолжетімді статистикалық деректерді зерттеу.
- Сарапшылармен және дене шынықтыру мамандарымен кеңесу.
- Қазақстандағы және шетелдегі спорттық нысандарды басқару тәжірибесін талдау.
- Экономикалық және әлеуметтік факторларды зерттеу.

Ауыл тұрғындарының арасында жүрек-қантамырлары аурулары, артық салмақ және қозғалыссыз өмір салтына байланысты аурулар саны артауда.

Балалар мен жастардың бос уақытының көбісі технологиялық құрылғылардың ықпалында, сондықтан физикалық белсенділікке аз уақыт бөлінеді. Спорттық нысандардың болмауы балалардың спортқа қызығушылығын төмендетеді.

Орталықтың ашылуы ауыл экономикасына оң әсер етеді, жаңа жұмыс орындары пайда болады, тұрғындардың өмір сүру сапасы артады.

Орталықтың құрылыс жұмыстары мен қызмет көрсетушылары жоғары болуы мүмкін.

Мемлекеттік немесе жеке меншік инвестициялар қажет.

Орталық салу үшін қажетті жер телімдерін анықтау және коммуникацияларды жүргізу ақытты талап етеді.

Спорттық және сауықтыру бағдарламаларын жүргізуге білікті мамандарды тарту қажет.

Қаржылық қолдау табылып, ауыл тұрғындарының белсенділігі артып, орталық тұрақты жұмыс істейді. Жастар арасында спорттық жетістіктер көрініс табады, жалпы денсаулық көрсеткіштері жақсарады.

Орталық салынса да, алғашқы кезеңде тұрғындар арасында қатысу көрсеткіші төмен болуы мүмкін. Білікті кадрлар тартылғаннан кейін және үгіт-насихат жұмыстары жүргізілген соң белсенділік артады.

Халықаралық тәжірибені қарастыру кезінде дамыған елдердегі ауылдық жерлерде денешынықтыру және сауықтыру орталықтарын салу тәжірибесіне сүйенеміз.

1. Финляндия тәжірибесі:

Финляндияда ауылдық жерлерде салынған спорттық орталықтар балалар мен жастардың ғана емес, сонымен қатар ересек тұрғындардың дене шынықтыру мен айналысуын ынталандырады. Мұндай орталықтар заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіліп, көп функционалды қызметтер ұсынады (спорттық секциялар, фитнес, сауықтыру бағдарламалары). Олардың мысалы ретінде мектептермен біріктірілген спорт орталықтарын келтіруге болады. Бұл қаржылық шығындарды азайтуға және спорттық нысандарды көп мақсатты пайдалануға мүмкіндік береді.

2. Норвегия тәжірибесі:

Норвегияда ауыл тұрғындарына арналған дене шынықтыру орталықтары мемлекеттік және жеке сектордың ынтымақтастығы арқылы салынады. Ауылдық жерлерде салауатты

өмір салтын насихаттау және спортты қолдау бағдарламаларына ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай орталықтарда тек спорттық іс-шаралар емес, сондай-ақ сауықтыру бағдарламалары, йога және фитнес сабақтары өткізіледі.

3. Канада тәжірибесі:

Канаданың ауылдық қауымдастықтарында спорттық нысандар тек спортпен айналысуға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

Мысалы,

ауыл тұрғындарына арнап ашылған орталықтар көпшілікке қызмет ететін орынға айналады. Канадалық тәжірибе гесәйкес, мұндай нысандарды салу жергілікті тұрғындардың денсаулығын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірді жандандыруға ықпал етеді.

3. Қорытынды

Дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу ауылдың жалпы денсаулық деңгейін арттырып, әлеуметтік және экономикалық дамуға оң әсерін тигізеді. Жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мүмкіндігі пайда болады. Жобаның табысты жүзеге асуы үшін мемлекеттік және жеке инвесторлардың қолдауын амтамасыз ету, сондай-ақ, жергілікті әкімдік пен тұрғындардың белсенді қатысуы қажет.

Ұсынымдар:

1. Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау шараларын өткізу.
2. Жергілікті билік көкілдерімен бірлесе отырып, орталыққа қажетті қаржылық қолдау табу.
3. Жобаны кезең-кезеңімен жүзеге асыру, бастапқыда шағын спорттық нысандардан бастау.
4. Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары мен ынтымақтасу арқылы денсаулықты жақсартуға арналған бағдарламалар енгізу.
5. Жастарға арналған спорттық секциялар мен жарыстар ұйымдастыру.

4. Қосымшалар

1. Январцев ауылының картасы және орталық салынатын орын.
2. Тұрғындар арасындағы сауалнама нәтижелері.
3. Болжамды шығындар сметасы.

5. Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметтері.
2. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) дене белсенділігі туралы баяндамалары.

3. Қазақстандағы спорттық инфрақұрылымдар бойынша жергілікті әкімдіктің мәліметтері.
4. Январцев ауылының әкімшілік деректері және тұрғындардан алынған сауалнамалар.